

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 6 наурыздағы N 207 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 21 желтоқсан N 1880. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1119 қаулысымен ~P041119

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 6 наурыздағы N 207 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 8, 59-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген, Заңдарға сәйкес мемлекеттік мекеме болып қайта ұйымдастыруға жататын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің карауындағы мекемелердің тізбесіндегі:

реттік нөмірі 51-жол алынып тасталсын;
реттік нөмірі 53-жолдағы "аймақтық" деген сөз "аумақтық" деген сөзбен ауыстырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі